

## **Шығыс Қазақстан облысының бірқатар қалалары мен аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының XIX сессиясының 1998 жылғы 29 желтоқсандағы № 19/10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 18 қаңтарда № 133 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3,8,11 баптарына сәйкес облыстық Мәслихат **ШЕШІМ** қабылдады:

Облыс Әкімінің 1998 жылдың 18 қыркүйегіндегі № 583 "Шығыс Қазақстан облысы қалалары мен аудандарының әкімшілік - аумақтық; құрылысына бірқатар өзгерістер енгізу туралы" шешімі мен 1998 жылдың 27 қарашасындағы № 613 "Шығыс Қазақстан облысының бірқатар аудандарының әкімшілік-аумақтық, құрылысына өзгерістер енгізу туралы" шешімі /бөлек ұсынылуда/ бекітілсін.

*Сессияның төрағасы  
Облмәслихат хатшысы*

*М. Құсайынов  
В. Ахаев*

## **Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 1998 жылғы 2 қыркүйектегі № 583 шешімі**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы қалалық және аудандық атқарушы органдарының ұсыныстары негізінде **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Барлық тұрғындардың көшіп кетуіне байланысты, Заңның 8 - бабына және 11 - бабының 4-тармақшасына орай мына елді мекендердің дербес әкімшілік-аумақтық бірлік мәртебесі жойылды деп есептелсін және есеп жүргізу мәліметтерінен алынып тасталсын:

### **Семей қаласы бойынша**

- 1) Абыралы ауылдық округінің Тәбеке ауылы;
2. Ақбұлақ ауылдық округінің Қарашілік ауылы;
- 3) Қараөлең ауылдық округінің Мырза ауылы;
- 4) Жиенәли ауылдық округінің Үшаша ауылы;
- 5) Жазық ауылдық округінің Сарапан ауылы;
- 6) Жазық ауылдық округінің Шынжы ауылы.

## **Аягөз ауданы бойынша**

- 1) Ақши ауылдық округінің Көкаша ауылы;
- 2) Бидайық ауылдық округінің Көкөзек ауылы;
- 3) Қопа ауылдық округінің қыстақтары;
- 4) Майлин ауылдық округінің Сәмен ауылы;
- 5) Майлин ауылдық округінің қыстақтары;
- 6) Нарын ауылдық округінің Хангелді ауылы;
- 7) Нарын ауылдық округінің Бетонбаз ауылы;
- 8) Нарын ауылдық округінің қыстақтары;
- 9) Сергиополь ауылдық округінің Көгілдір ауылы;
- 10) Сергиополь ауылдық округінің қыстақтары;
- 11) Тарлаулы ауылдық округінің Ажырық ауылы;
- 12) Тарлаулы ауылдық округінің Қозы-Көрпеш ауылы;
- 13) Тарлаулы ауылдық округінің қыстақтары;
- 14) Тарбағатай ауылдық округінің қыстақтары;
- 15) Жорға ауылдық округінің Карадың ауылы;
- 16) Мәдениет ауылдық округінің Қасқабұлақ ауылы;
- 17) Мәдениет ауылдық округінің Қарашенгел ауылы;
- 18) Малкелді ауылдық округінің Кұр ауылы;
- 19) Малкелді ауылдық округінің Жұрымбай ауылы;
- 20) Малкелді ауылдық округінің Социал ауылы.

## **Глубокое ауданы бойынша**

- 1) Фрунзе ауылдық округінің Киреевка селосы;
- 2) Фрунзе ауылдық округінің Григорьевка селосы;
- 3) Фрунзе ауылдық округінің Сержиха селосы;
- 4) Куйбышев ауылдық округінің Александровка селосы.

## **Жарма ауданы бойынша**

- 1) Бірлікшіл ауылдық округінің Бірлікшіл ауылы;
- 2) Георгиевка ауылдық округінің Ақдiңгек ауылы;
- 3) Қаратөбе ауылдық округінің Салқынтөбе ауылы.

## **Көкпекті ауданы бойынша**

- 1) Бастаушы ауылдық округінің Аққұдық ауылы;
- 2) Казнаковка ауылдық округінің Екпін ауылы;

- 3) Самар ауылдық округінің Лайлы ауылы;
- 4) Көкжайық ауылдық округінің Прохладное селосы.

### **Тарбағатай ауданы бойынша**

- 1) Ырғызбай ауылдық округінің Жасдәурен ауылы.

### **Үржар ауданы бойынша**

- 1) Каракөл ауылдық округінің Аққайың ауылы.
2. 50 адамға жетпейтін тұрғындары бар мына ауылдардың 8-бапқа және 3-баптың 6-тармағына сай дербес әкімшілік-аумақтық бірлік мәртебесі жойылды деп есептелсін және есеп жүргізу мәліметтерінен алынып тасталып, таяу елді мекендердің құрамына енгізілсін:

### **Абай ауданы бойынша**

- 1) Борлы, Жидебай, Қарашоқы, Нұрлан, Ақбаз және Ақтоғай ауылдары Кеңгірбай би ауылдық округіндегі Кеңгірбай би ауылының құрамына енгізілсін;
- 2) Ақбаз, Баянқар, Олжай, Рамазан және Қарлығаш ауылдары Көкбай ауылдық округіндегі Көкбай ауылының құрамына енгізілсін;
- 3) Ақбаз, Жаңаарна, Ешкіөлген, Мендеке және Қызылотау ауылдары Құндызды ауылдық округіндегі Жүрекадыр ауылының құрамына енгізілсін;
- 4) Әзмағанбет, Қарабұлақ, Қопа, Момынжан және Қостуған ауылдары Архат ауылдық округіндегі Архат ауылының құрамына енгізілсін;
- 5) Ақшоқы, Комплекс және Аршалы ауылдары Қасқабұлақ ауылдық округіндегі Қасқабұлақ ауылының құрамына енгізілсін;
- 6) Айдапкел, Жайма, Қарақорық, Тоған, Шошақбейіт, Әмзе және Сарыарқа ауылдары Саржал ауылдық округіндегі Саржал ауылының құрамына енгізілсін;
- 7) Кәкім, Әтей, Сұңқарлан және Әмірғали ауылдары Тоқтамыс ауылдық округіндегі Тоқтамыс ауылының құрамына енгізілсін;
- 8) Арқалық және Жасар ауылдары Медеу ауылдық округіндегі Медеу ауылының құрамына енгізілсін.

### **Аягөз ауданы бойынша**

- 1) Қараирек және Арқарлы ауылдары Емелтау ауылдық округіндегі Емелтау ауылының құрамына енгізілсін;
- 2) Көксу ауылы Майлин ауылдық округіндегі Майлин ауылының құрамына енгізілсін;
- 3) Қарабұжыр ауылы Байқошқар ауылдық округіндегі Байқошқар ауылының

құрамына енгізілсін;

4) Қаражал ауылы Баршатас ауылдық округіндегі Баршатас ауылының құрамына енгізілсін.

### **Бородулиха ауданы бойынша**

1) Кордон "Лесхоз" селосы Подборный ауылдық округіндегі Михайловка селосының құрамына енгізілсін.

### **Зайсан ауданы бойынша**

1) Қазақстан ауылы Шілікті ауылдық округіндегі Шілікті ауылының құрамына енгізілсін.

### **Зырян ауданы бойынша**

1) Бобровка селосы Парыгин ауылдық округіндегі Парыгино селосының құрамына енгізілсін;

2) Осиновка селосы Тұрғысын ауылдық округіндегі Тұрғысын ауылының құрамына енгізілсін.

### **Тарбағатай ауданы бойынша**

1) Қарой ауылы Жетіарал ауылдық округіндегі Жетіарал ауылының құрамына енгізілсін;

2) "ЛСП" ауылы Қабанбай ауылдық округіндегі Шенгелді ауылының құрамына енгізілсін;

3) Аққора ауылы Жаңаауыл ауылдық округіндегі Жаңаауыл ауылының құрамына енгізілсін;

4) Байқонды ауылы Маңырақ ауылдық округіндегі Бозша ауылының құрамына енгізілсін;

5) Қызылқора ауылы Құйғын ауылдық округіндегі Құйғын ауылының құрамына енгізілсін;

6) Умбет ауылы Кіндікті ауылдық округіндегі Кіндікті ауылының құрамына енгізілсін;

7) Карл Маркс атындағы, Бесшатыр, Тоғасбай және Өркен ауылдары Сәтбаев ауылдық округіндегі Сәтбаев ауылының құрамына енгізілсін.

### **Үржар ауданы бойынша**

- 1) Мезенцево селосы Ақшоқы ауылдық округіндегі Ақшоқы ауылының құрамына енгізілсін;
  - 2) Қарақоға және Емел ауылдары Бақты ауылдық округіндегі Бақты ауылының құрамына енгізілсін;
  - 3) Ұзынбұлақ ауылы Қабанбай селолық округіндегі Жарбұлақ ауылының құрамына енгізілсін;
  - 4) Уәли ауылы Қарабұлақ ауылдық округіндегі Қарабұлақ ауылының құрамына енгізілсін;
  - 5) Мұқыр және Лайка ауылдары Қарабұта округіндегі Қарабұта ауылының құрамына енгізілсін;
  - 6) Ахмутка ауылы Қаратұма ауылдық округіндегі Қаратұма ауылының құрамына енгізілсін.
3. 50 адамнан артық тұрғындар тұратын мына елді мекендер 8- бапқа сәйкес дербес деп есептелсін және тіркелсін:

### **Семей қаласы бойынша**

- 1) Айнабұлақ ауылдық округінің Самай ауылы;
- 2) Қараөлең ауылдық округінің Егеубай ауылы;
- 3) Танат ауылдық округінің Танат ауылы.

*Шығыс Қазақстан облысының әкімі*

*В. МЕТТЕ*

### **Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 1998 жылғы 27 қарашадағы № 613 шешімі**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-тармақшасына және 16-бабына сәйкес, Глубокое, Жарма, Күршім, Көкпекті, Катонқарағай, Шемонайха, Зайсан, Бесқарағай, Тарбағатай, Үржар, Бородулиха аудандарының өкілетті және атқарушы органдарының өтінуі негізінде, ауылдар мен кенттер тұрғындары жиындарының пікірлерін ескеріп **ШЕШІМ** қабылдаймын:

#### **1. Мыналар:**

1) Глубокое ауданының Белокаменка, Ново-Михайловка, Поланидовка селоларын Белоусовка кенттік округінің құрамына, Орловка селосын Черемшанка ауылдық округіне, Ушанова, Степное, Каменный карьер селоларын Бобровка ауылдық округінің құрамына, Карагужиха кентін Малоубинка ауылдық округінің құрамына беріп, Белокаменка, Ушанов ауылдық және Карагужиха кенттік округтері;

2) Жарма ауданының Көшек, Подхоз, Қараш, Кезеңсу ауылдарын, Еспе кентін Шар қалалық округінің құрамына, Бөке кентін Ақжал ауылдық округінің құрамына беріп, Көшек, Кезеңсу, ауылдық, Октябрь және Бөке кенттік округтері;

3) Күршім ауданының Шірікаяк, Қарабұлақ және Қайнар ауылдарын Құйған ауылдық округінің құрамына, Теректібұлақ және Төсқайың ауылдарын Абай ауылдық округінің құрамына, Қарой, Қайнарлы және Былғары табыты ауылдарын Теректі ауылдық округінің құрамына беріп Шірікаяк және Қарой ауылдық округтері;

4) Көкпекті ауданының Мироллюбовка және Раздольное ауылдарын Палатцы ауылдық округінің құрамына беріп Мироллюбовка ауылдық округі;

5) Катонқарағай ауданының Жұлдыз және Юбилейное ауылдарын Большенарым ауылдық округінің құрамына, Солдатова ауылын Новоберезовка ауылдық округінің құрамына беріп Жұлдыз және Солдатово ауылдық округтері;

6) Шемонайха ауданының Убинка, Ново-Убинка және Убаредмет селоларын Зевакино ауылдық округінің құрамына, Рулиха, Шапорево, Михайловка селоларын, Шишка, Рулиха стансаларын, 144-ші теміржол километрін Каменево ауылдық округінің құрамына, Барашки, Ново-Ильинка селоларын, Фестивальная стансасын Первомайка ауылдық округінің құрамына, Сугатовка, Горкуново және Кенюхово селоларын Вавилон ауылдық округінің құрамына беріп, Уба, Рулиха, Барашки, Сугатово ауылдық округтері таратылсын.

Мыналар:

1) Бесқарағай ауданының Бозтал ауылы Больше-Владимировка ауылдық округінен Мало-Владимировка ауылдық округінің құрамына;

2) Бородулиха ауданының Барышовка, Успенка және Поднебесное ауылдары Жерновка ауылдық округінің құрамына;

3) Жарма ауданының Ұзынжал ауылы Делбегетей ауылдық округінен Терістанбалы ауылдық округінің құрамына;

4) Зайсан ауданының Октябрьское ауылы Зайсан қалалық округінен Айнабұлақ ауылдық округінің құрамына, Кемпірбұлақ ауылы Кеңсай ауылдық округінен Шілікті ауылдық округінің құрамына және Бақасу ауылы Зайсан қалалық округінен Кеңсай ауылдық округінің құрамына;

5) Күршім ауданының Жылытау ауылы Абай ауылдық округінен Қалғұтты ауылдық округінің құрамына, Топтерек ауылы Құйған ауылдық округінен Күршім ауылдық округінің құрамына;

6) Тарбағатай ауданының Қарой ауылы Құйған ауылдық округінен Қарасу ауылдық округінің құрамына, Сарөлең ауылы Маңырақ ауылдық округінен Жаңаауыл ауылдық округінің құрамына, Шорға ауылы Ақжар ауылдық округінен Қабанбай ауылдық округінің құрамына;

7) Үржар ауданының Қызылжұлдыз ауылы Салқынбел ауылдық округінен Алтыншоқы округінің құрамына;

8) Шемонайха ауданының Вавилон ауылдық округінен Заречное ауылы және Шемонайха қаласынан Березовка ауылы Усть-Таловка кенттік округінің құрамына, Зауба ауылы Волчанка ауылдық округінен Верх-Уба ауылдық округінің құрамына

берілсін.

3. Шемонайха қаласы әкімінің аппараты құрылсын.

4. Осы мәселе Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының сессиясында қарауға енгізілсін.

*Шығыс Қазақстан облысының әкімі*

*В. МЕТТЕ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ